

Шемонаиха ауданының аумағын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде 2012 жылы жастар практикасынан өтуге арналған жұмыс орындарын ашатын жұмыс берушілер тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 20 ақпандағы N 387 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Шемонаиха аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 29 ақпанда N 5-19-167 тіркелді. Күші жойылды - Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 31 мамырдағы N 558 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2012.05.31 N 558 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабы 1-тармағы 13) тармақшасы, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7-бабы 5-7) тармақшасы, 18-2-бабына, Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңының 2-бабына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңының 5, 8-баптарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысымен бекітілген жастар практикасын ұйымдастыру және қаржыландыру қағидасына, сәйкес Шемонаиха ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАЙДЫ:**

1. Шемонаиха ауданының аумақтарын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде 2012 жылы жастар практикасынан өтуге арналған жұмыс орындарын ашатын жұмыс берушілер тізбесі қосымшаға сәйкес б е к і т і л с і н .

2. Жұмыс берушілерге жұмыскерлердің жекелеген санаттарына (кәмелетке толмаған балалары бар әйелдерге, көп балалы аналарға, мүгедектерге) толық емес жұмыс күнмен жұмыс істеуге мүмкіншілік беру, сондай-ақ жұмыс уақытын ұйымдастырудың икемді түрлерін қолдану ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шемонаиха ауданы әкімінің орынбасары В. И. Лонскийге жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шемонаиха ауданының әкімі *А. Тоқтаров*

Ш е м о н а и х а а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң
 2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 0 а қ п а н д а ғ ы
 № 382 қаулысына

Шемонаиха ауданының аумақтарын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде 2012 жылы жастар практикасынан өтуге арналған жұмыс орындарын ұйымдастыратын жұмыс берушілер ТІЗБЕСІ

№	Жұмыс берушінің атауы	Кәсіп (мамандық)	Ұйымдастырылатын жұмыс орындарының саны	Б і р қатысушыға төленетін айлық еңбек ақы мөлшері	Айлар бойынша жастар тәжірибесінің ұзақтығы
1	«Шемонаиха ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі	бухгалтер (экономист)	1	19 866	6
		заңгер	1	19 866	6
2	«Шемонаиха ауданы бойынша Салық басқармасы» мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша)	бухгалтер (экономист)	3	19 866	6
		заңгер	3	19 866	6
3	«Шемонаиха ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша)	заңгер	3	19 866	6
4	«Камышинское 2» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	мал дәрігері	2	19 866	6
		бухгалтер (экономист)	3	19 866	6
5	«Шемонаиха ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	бухгалтер (экономист)	1	19 866	6
6	«АПТЕКА № 10» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	бухгалтер (экономист)	2	19 866	6
		менеджер	2	19 866	6
		бағдарламашы	2	19 866	6
7	«К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	бухгалтер (экономист)	2	19 866	6
		аспаз	2	19 866	6

8	«Мулюкина Н.П.» жеке кәсіпкер	бухгалтер (экономист)	1	19 866	6
9	«Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компания» акционерлік қоғамы	техник-электрик	2	19 866	6
10	«ТехЭнерго» жауапкершілігі шектеулі серіктестік	тракторшы-машинист	2	19 866	6
		автокраншы	1	19 866	6
11	«Таранова» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	аспаз	2	19 866	6
12	«Триумф Агро» ауылдық тұтыну кооперативі	бухгалтер	2	19 866	6
		слесарь	4	19 866	6
13	Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетінің «Шығыс Қазақстан облысы бойынша Жылжымайтын мүлік жөніндегі орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Шемонаиха филиалы (келісім бойынша)	бағалаушы	5	19 866	6
	Жиыны		20		

Ескерту: Жастар тәжірибесіне қатысушыларға төленетін айлық еңбек ақы мөлшері жоғары радиациялық қатер аймағында тұрғандығы үшін қосымша төлеммен 2012 жылға бекітілген ең төменгі еңбек ақы мөлшерінде белгіленді.

«Шемонаиха ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ бастығы *Г. Бабаева*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК